



**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика және еңбек федералдық министрлігі арасындағы техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1218 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика және еңбек федералдық министрлігі арасындағы техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика және еңбек федералдық министрлігі арасындағы техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика және еңбек федералдық министрлігі,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы сауда қатынасындағы техникалық кедергілерді жоюға және экономикалық байланыстарға жәрдемдесуге ұмтыла отырып,

стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдар қабылдаған қағидаттар мен нормаларды ескере отырып, стандарттау және техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысын білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының экономикалық мүдделерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісім ережелерін Тараптар атынан іске асыруды:  
Қазақстан Республикасында - Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті;  
Германия Федеративтік Республикасында - Неміс нормалар институты жүзеге асыратын болады.

## **2-бап**

Тараптар техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастықты: техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен және талаптарымен үйлестіру, саудада техникалық кедергілерді жою және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;

Тараптар мемлекеттерінің стандарттау және техникалық реттеу жөніндегі органдары арасында тікелей байланыс орнату жолымен дамытуға келісті.

## **3-бап**

### **Т а р а п т а р :**

Тараптар мемлекеттерінің стандарттау және техникалық реттеу жөніндегі органдары жариялайтын нормативтік құжаттарды, ақпаратты және мерзімді б а с ы л ы м д а р д ы ;

ұлттық стандарттар каталогтары, жеке ұлттық стандарттарды, нормалар мен техникалық регламенттерді ;

стандарттау және техникалық реттеу саласындағы оқу бағдарламаларына және мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларға қатысты ақпарат пен материалдарды өзара ұсынуға келісті.

## **4-бап**

Тараптар кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыруда, стандарттау және техникалық реттеу саласында мамандар мен консультациялар алмасуда өзара іс-қимыл жасайды.

## **5-бап**

Тараптар осы Келісім шеңберінде жүргізілетін жұмыстар туралы алынатын құжаттамалардың және ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат оны ұсынған Тараптың алдын ала келісімімен ғана үшінші тарапқа жіберілуі мүмкін.

## 6-бап

Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда шығындарды өтеудің өзге тәртібі айтылмаса, осы Келісімді іске асыру жөніндегі қаржылық шығыстарды өздері төлейді.

## 7-бап

Осы Келісім, Тараптар мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

## 8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

## 9-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Егер кезекті бес жылдық мерзімі біткенге дейінгі алты ай ішінде Тараптардың біреуі екінші Тарапқа оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, онда осы Келісім келесі бесжылдық мерзімге автоматты түрде ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оның ережелері іске асырылу кезеңіндегі жобаларға қатысты күшінде болады.

200\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, неміс, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіндер бірдей күшкеліе .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдану кезінде келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және сауда  
министрлігі үшін*

*Германия Федеративтік  
Республикасының Экономика  
және еңбек федералдық*

*министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК